

№319 заңы

2. Сұңғат ӘЛІПБАЙ «Электронды күнделік – баршаға тиімді құрал»

<https://egemen.kz/article/elektrondy-kundelik-%E2%80%93-barshaga-tiimdi-kural>

3. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

4. Білім туралы- «Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008827/compare>

6. «Инклюзивті білім беру. Үздіксіз білім беру. Қосымша білім беру» <https://helpiks.org/7-16169.html>

7. Жаңыл Жонтаева «Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың саны-151 мыңнан асты»

https://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/damu_mumkindigi_shekteuli_balalardin_sani_151_min_nan_asti_bilim_ministr_ligi

8. Хайрошева Айгүл Нығметоллақызы «Мектепке дейінгі мекемелерде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың маңызы»

9. «Инклюзивті білім беру. Үздіксіз білім беру. Қосымша білім беру» <https://helpiks.org/7-16169.html>

10. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру» http://m.egov.kz/cms/kk/articles/secondary_school/2F05inclsiveeducation?mobile=yes

11. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту» <https://stud.kz/referat/show/30624>

12. «Оқушы сөмкесінің салмағы жеңілдей ме?» https://aikyn.kz/2018/10/15/70_538.html,

13. Дастан Қастай. «Мектеп сөмкесі қандай болу керек?» <https://martebe.kz/mektep-somkesi-olkhandaj-boluy-kerek/>

14. <https://kaztrk.kz/news/bilim/72-mynnan-astam-qazaqstandyq-reseide-bilim-alyp-zhur-120052>

15. Әсел Жұтаева «Білім беру жүйесі бойынша үздік мемлекеттер», https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/42071/

16. Куанғалиева Арамангул Зулхарнаевна «Мектепке өзгерісті енгізу не үшін қажет?» <https://infourok.ru/mektepke-zgeristi-engizu-ne-shin-azhet-refleksiyali-esep-1012326.html>

17. Әлия Мырзағалиқызы «1сыныпқа алты жасқа толып бару керек» <http://www.kerek-info.kz/kerek-akparat/2176-1-synypa-alty-zhasa-tolyp-baru-kerek.html>

18. «Қазақстан жоғарғы оқу орындарының тізімі» <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

19. Ботакөз Қамзан «Финляндия білім беру жүйесінің революциясы». <http://jas.kz/eski/?p=7756>

20. Қайыржан Төрежан. «Фин тәжірибесі мұқият зерттеуге лайықты» <https://www.altynorda.kz/kz/aleksandr-smirnov-suomi-ulttyk-madeni-ortalygynyn-toragasy-fin-tazhiribesi-mukiyat-zertteuge-lajykty/>

СОТ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сералиева А.Н., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің
2 курс магистранты*

Қазіргі кезеңде мұрагерлік құқығын иеленуге қатысты, заң немесе өсиет бойынша мұрагерлік мүлікті бөлу бойынша құқықтық мәселелер азаматтар үшін өзекті мәселеге айналды. Соның ішінде мұрагерлік құқықты іске асыруға қатысты сот және нотариат тәжірибесінің мәселелері өте қызығушылық туындатып отыр.

Сот тәжірибесіне үңілетін болсақ, соңғы жылдары соттарда қаралатын мұрагерлікпен байланысты азаматтық істердің саны өсіп отырғаны байқалады. Атап айтқанда, Қарағанды облысы бойынша соттармен қаралған мұрагерлік құқыққа қатысты даулардың ішінде ең көп қаралған істер – мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы істер; мұрагерлікті қабылдау фактісін анықтау туралы істер; иесіз қалған мұралық мүлік деп тану туралы істер.

Мұрагерлік құқыққа қатысты азаматтық-құқықтық дауларды кейбір азаматтық істердің санаттарын соттарда қараудың тәжірибесіне тоқталып өтеміз.

Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру немесе ұзарту бойынша азаматтық істерді қарау ерекшеліктері.

Аталмыш санаттағы істердің сотта жиі қаралу себебі келесідей болды. Қазақ КСР-ның Азаматтық кодексінің 542-бабы бойынша мұраны қабылдау үшін мұрагер мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде мұра ашылған жер бойынша нотариаттық кеңсеге арыз беру арқылы қабылдап алуға міндетті немесе мұралық мүлікті іс жүзінде басқару арқылы иеленуге құқылы болатын. Мерзімді өткізіп алған жағдайда ҚазКСР-ның АҚ-нің 543-бабы бойынша, егер мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алған болса, онда мұрагердің арызы арқылы сотпен ұзартылуы мүмкін деп қарастырылған еді.

1999 жылы 1 шілдеде қабылданған ҚР Азаматтық кодексі (ерекше бөлімі) [1] бойынша мұраны қабылдау үшін ешқандай уақытша шектеу қойылмады, мұрагер мұрагерлік ашылған күннен бастап алты ай өтісімен кез келген мерзімде мұрагерлікті рәсімдеуге және қабылдап алуға құқылы. АҚ-тің 1072-бабы бойынша, мұрагердің мұраның бір бөлігін қабылдағаны өзіне тиесілі барлық мұраны қабылдағанын білдіреді.

«Мұраны іс жүзінде қабылдау деп мұрагердің мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін соңғының мүлкін иеленуін және пайдалануын кәуландыратын әрекеттері, оның мүлкін ұстау мен сақтау жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруы, мұрагерлік мүлікке байланысты оның қарыздары мен салықтарын төлеуі не мұрагерлік массаға енгізілуге жататын мүліктік сипаттағы мұра қалдырушыға тиесілі төлемдерді, құндылықтарды алуы түсіндіріледі» деп түсіндірді ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік актісі (5 п.)[2].

2007 жылы 12 қаңтарда ҚР АҚ-не өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, ол бойынша кодекс 1072-2 -бабымен толықтырылып, мұраны қабылдау мерзімі - мұраның ашылу күнінен бастап алты ай ішінде деп белгіленді, ал 1072-3-бабы бойынша, «егер мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер бұл мерзімді өткізу себептері жойылғаннан кейін алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады» деп белгіленді.

Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы істер талап қою арқылы іс жүргізу тәртібімен қаралуы тиіс. Бірақ, соттарда бұл санаттағы істерді қателесіп, ерекше іс жүргізу тәртібімен қарап жүргені анықталды. Мәселен, Талапкер Шахтинск қалалық сотына қайтыс болған күйеуінен кейін қалған мұралық мүлікті қабылдау мерзімін ұзарту туралы арызбен жолданған. Сот шешімімен мұраны қабылдау мерзімі ұзартылған. Талапкер талар арыз бере отырып сотқа жолданғаны белгілі болған. Сот отырысында талапкер жауапкер ретінде қайтыс болған күйеуінің қызына жауапкер ретінде талап қоймайтынын атап көрсеткен. Осыған орай сот талапкердің талап арызын тағы бір мұрагерді сотқа шақырмай, оның пікірін білместен, ерекше іс жүргізу тәртібімен қарастырған [3]. Бұл жағдайда сот ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысының 12-пунктін бұзған, яғни мұраны қабылдаған басқа мұрагерлердің қатысуынсыз іс сотта қаралған. Өйткені, бұл жағдайда құқық туралы мүліктік емес сипаттағы дау туындап отыр. Жоғарғы соттың берген түсінігі бойынша, талап арызын қою бойынша іс жүргізуде жауапкер ретінде басқа мұрагерлерді, олар болмағанда мемлекетті қатыстыру міндетті.

Осындай санаттағы істерді қарастырған кезде материалдық құқық нормаларын да (ҚР АҚ-нің 1072-3-бабын) басшылыққа алған жөн. Бірақ, кейбір соттар ҚР АПК-нің 128-бабында қарастырылған іс жүргізу мерзімдерін ұзарту және қалпына келтіру туралы іс жүргізу нормаларын қолданатын болып шықты. Мәселен, Теміртау қалалық сотында №2-1206-2012 іс бойынша материалдық құқық нормаларының орнына ҚР АПК-де қарастырылған іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы норма қолданылған.

Мұрагерлікті іс жүзінде қабылдағаны дәлелденсе және мұраны қабылдау үшін мерзімді өткізіп алудың себептері дәлелденбеген болса, талапкер мұраны іс жүзінде қабылдау фактісін айқындау туралы талап қоя алады.

Тәжірибеде соттар мерзімді өткізіп алудың дәлелді себебін нақтыламайтыны белгілі болды. Атап айтқанда, 2012 жылы 16 наурыздағы Теміртау қалалық сотының шешімімен (№2-880) мұраны қабылдау мерзімі қалпына келтірілген, бірақ мерзімді өткізіп алудың дәлелді себебі көрсетілмеген. Шешімде тек қана ол жалғыз мұрагер болып табылады және оған мұраға құқық туралы куәлік алу қажет деп көрсетілген.

Тап осындай кемшілікті Жезқазған қалалық сотында (№2-1605 іс) қаралған істе жіберілген. Алифанова Е. мен кәмелетке толмаған баланың атынан Лукина Н.-нің өткізіп алынған мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы арызы бойынша сот мерзімді өткізіп алу себебі – «заңды білмеу» деп атап көрсеткен. Сондай-ақ заңды білмеу себебімен (№2-1944 іс бойынша) 01.01.2001

жылғы Теміртау қалалық сотында да өткізіп алынған мұраны қабылдау мерзімі қалпына келтірілген. Бұдан басқа мерзімді өткізіп алудың дәлелді себебі ретінде жиі іс-сапарға бару негізге алынған, бірақ оны дәлелдейтін құжат істе жоқ болып шыққан [3].

Теміртау қалалық сотының 2012 жылғы 10 қыркүйектегі шешімі облыстық соттың апелляциялық сот алқасының қаулысымен күші жойылған. Шешімнің күшін жоюға негіз ретінде материалдық құқық нормасының бұзылуы болған.

Талапкер Можаев, өткізіп алған мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы және мұрагерді мұраны іс жүзінде қабылдаған деп тану туралы талап арызбен жауапкерге жолданған. 14.04.2008 жылы қайтыс болған азамат - талапкердің әжесі болып табылатыны туралы арызда көрсетілген. Мұралық мүлік – Теміртау қаласы, Димитров көшесі, 72 үй, 68 пәтер және «Қазақстан халық банкі» АҚ-да ақшалай қаражат. Мұрагерлері екеу - ұлы мен немересі (әжесі қайтыс болған соң оның мұрагері болып табылады). Талапкер Можаевке алты ай мерзімді өткізіп алған соң нотариус мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруден бас тартқан. Осыған байланысты соттан мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіруді және мұралық мүліктің жарты бөлігіне мұрагерлік құқығын іс жүзінде қабылдаған деп тануды сұраған. Теміртау қалалық сотының шешімімен талап қанағаттандырылған. Жауапкер апелляциялық шағымда емделуіне байланысты сот отырысына қатыспағанын айтып, сот шешімінің күшін жоюды және жаңа шешім шығаруды сұраған [3].

ҚР АҚ-нің 1072-2 –бабы бойынша мұрагер мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде нотариусқа мұраны қабылдау туралы арызбен жолдануы керек еді, бірақ ондай әрекет жасалмаған. Мұрагер мұрагерлікті іс жүзінде қабылдағанын куәландыратын іс-әрекеттер жасасамаған. Мұра қалдырушы қайтыс болған соң мұраны қабылдау мерзімін оның немересі өткізіп алған. Мұра қалдырушының мүліктерін іс жүзінде басқару фактілерін куәландыратын құжаттар сотқа тапсырылмаған. ҚР АҚ-нің 1072-3-бабы бойынша сот мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады. ҚР АҚ-нің 1072-бабының 1-бөліміне сәйкес, мұрагер мұраны алу үшін оны қабылдауға тиіс. Сонымен, апелляциялық соттың отырысында мұраны іс жүзінде қабылдап алғаны анықталмады.

Соттар мұрагерлердің сотқа жолдану мерзіміне тиіснше назар аудармайды және оған баға бермейтін болып шықты. Бұған мысал ретінде Теміртау қалалық сотында мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы талап арыз бойынша қаралған істі қарастыруға болады.

Каримовтар мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы арызбен сотқа 26.03.2013 жылы жолданған. Ағасы 16.06.2008 жылы қайтыс болған, ал әкелері 04.03.2011 жылы қайтыс болған. Іс материалдарынан белгілі болғандай, талапкерлер жақын туысқандарының қайтыс болғандарын біледі, оларды жерлеумен айналысқан, мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алған, өйткені басқа қалада өмір сүреді және вахталық жұмыста істейді. Бірақ, іс материалдарында серзімді өткізіп алудың дәлелді себептерін растайтын айғақтар жоқ.

ҚР АҚ-нің 1072-3-бабы бойынша, мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алған мұрагердің арызы бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады. Өкінішке орай, соттар шешімде «мұрагерді мұраны қабылдады деп тану» туралы көрсетпейді.

Мұрагердің мұрагерлікті іс жүзінде қабылдау фактісін анықтау туралы.

Мұрагерлікті іс жүзінде қабылдау фактісін анықтау туралы істер ерекше іс жүргізу тәртібімен, ҚР АПК-нің 26-бабына [4] сәйкес сотта қаралады. Бірақ, сот тәжірибесіне жүргізілген жалпылама талдаулар осындай санаттағы істерді қарау барысында соттармен қателіктер жіберілетінін айқындап берді.

ҚР АҚ-нің 1072-1-бабының 2-бөлімінде мұрагерлікті іс жүзінде қабылдағанын куәландыратын іс-әрекеттердің тізімі берілген [1].

ҚР АПК-нің 305-бабына сәйкес, сот заңдық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмаған кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде ғана осы фактілерді анықтайды. заңдық маңызы бар фактілерді анықтайды.

«Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қайлысының 11 п. бойынша, Мұрагерлікті қабылдау фактісін анықтау туралы арыз (АПК-нің 305-бабы екінші бөлігінің 9) тармақшасы), егер нотариаттық іс-әрекет жасайтын орган мұраға алынған мүлікті иелену фактісін нотариаттық тәртіппен растау үшін тиісті құжаттардың жоқтығына немесе жеткіліксіздігіне байланысты мұраны иелену құқығы туралы куәлікті арызданушыға беруге құқысы болмаса, ерекше өндіріс тәртібімен қаралады. Егер қажетті құжаттар ұсынылып, бірақ мұраны иелену құқығы туралы куәлікті беруден

бас тартылса, арызданушы АПК-нің 45-тарауында мазмұндалған қағидаға сәйкес нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға байланысты шағымданып, сотқа жүгінуге құқылы.

Сот тәртібімен мұраны қабылдау фактісін куәландыруға негіз болатын мән-жайлар, яғни дәлелдемелер төмендегідей болуы мүмкін:

1) мұрагер мұра қалдырушымен бірге өмір сүргенін растайтын тұрғын үй кооперативінің анықтамасы;

2) мұра ашылған соң мұра қалдырушының мүлкіне салықты мұрагердің төлегені туралы салық органынан анықтама, түбіртек;

3) коммуналдық қызмет көрсету ақысын төлеу туралы түбіртек;

4) мұра ашылған соң мұра қалдырушының мүлкіне жөндеу жүргізу жұмыстарын жүзеге асыру туралы мұрагердің жасасқан мердігерлік шарты;

5) мұрагер мұра қалдырушының мүліктерінің бірін иемденгені туралы куәлік айғақтар (затты алып кетуі, өз үйіне апарып қоюы), оған қызмет көрсетті (мысалы, жөндеу жұмыстарын, көлікке қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу, құжаттармен расталса); мұралық мүлікті пайдалануы (мысалы, саяжайдағы үйді, жерді) және т.б. Тек қана куәлардың айғағы емес, тағы басқа да құжаттармен расталуы тиіс.

6) мұрагердің іс жүзінде мұралық мүлікті қабылдауын тікелей немесе жанама растайтын басқа да құжаттар (басқа да төлем құжаттары, табыстау актісі), іс жүзіндегі әрекеттері, өз мүлкі секілді мұралық мүлікке билік ету әрекеттерін жүзеге асыру.

Сонымен, мұрагерлікті іс жүзінде қабылдау фактісін анықтау туралы істерді қарау барысында соттар іс бойынша барлық мән-жайларды айқындамайды, атап айтқанда, мұрагерлік қалай қабылданды, іс бойынша мүдделі тұлғалар бар ма, анықталмайды.

Иесіз қалған мүлік деп тану.

ҚР АҚ-нің 1083-бабы бойынша, егер өсиет бойынша да заң бойынша да, мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса (осы Кодекстің 1045-бабы), не олардың бәрі мұрадан бас тартса (осы Кодекстің 1074-бабы), мұра *иесіз қалған мүлік* деп танылады.

Иесіз қалған мүлік мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады. Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Жоғарыда қарастырылған ереже бойынша мұраны иесіз мүлік деп тану туралы арызбен мұрагерліктің ашылған жері бойынша Әкімшілік жолданады. Арыз мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін қойылуы тиіс.

Шахтинск қаласының Әкімі Қарағанды облысы шахтинск қаласы Карл маркс көшесі 20 үй 38 пәтерді иесіз қалған мүлік деп және коммуналдық меншікке ауысты деп тану туралы арызбен сотқа жолданады. Арыздың негізіне келесі мән-жайлар алынған: пәтердің меншік иесі тірі кезінде 1995 жылы пәтерді тастап кеткен, Қарағанды қаласында тұратын қызының үйіне тұрақты тұруға кеткен. 3.10.2011 жылдан бастап пәтер Шахтинск қаласы Әділет басқармасында иесіз мүлік ретінде тіркелген. Пәтер иесі 23.02.2011 жылы қайтыс болған, бірақ мұрагерлері осы уақытқа дейін хабарласпаған, тастап кеткен пәтерге құқығын тіркемеген.

Шахтинск қалалық сотының шешімімен арыз қанағаттандырылмаған. Себебі 7.09.2011 жылғы мұрагерлікке құқық туралы куәлік бойынша қайтыс болған П.А. Касенованың мүлкінің мұрагері оның қызы болып табылады, сот отырысында ол анасынан қалған пәтерге мұрагерлік құқықты қабылдауға өтінішін білдірген [3].

Мұрагерлік мүлікті бөлу, мұрагерлік мүліктегі үлесті анықтау.

Мысал ретінде, 28.10.2012 жылы Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сотына талапкерлер арыз беріп жолданып, 01.01.2001 жылы жасалған «Қазақстан халық банкі ЖЗҚ» АҚ-ғы зейнеткерлік жинаққа мұрагерлік құқықты белгілейтін өсиетті жарамсыз деп тану туралы сұраған.

22.01.2013 жылы соттың шешімімен талап арыз қанағаттандырылмаған. Апелляциялық, кассациялық соттар да сот шешімін өзгеріссіз қалдырған. Арызды қанағаттандырмаудың себебі, мұрагер мен мұра қалдырушының арасында заңды некелік (ерлі-зайыптылық) қатынас болмаған, тек қана бірге өмір сүрген.

Тұлғаларды мұрагерліктен шеттету.

ҚР АҚ-нің 1070-бабы бойынша, егер мұра қалдырушымен неке мұра ашылғанға дейін іс жүзінде тоқтатылғандығы және ерлі-зайыптылардың мұра ашылғанға дейін кемінде бес жыл бөлек

тұрғандығы дәлелденсе, сот шешімімен ерлі-зайыптылар заң бойынша мұрагерліктен шеттетілуі мүмкін.

Мысал ретінде, заң бойынша мұрагерліктен - жұбайы қайтыс болған соң қалған мүлікке мұрагерліктен шеттету туралы арыз бойынша ҚР АҚ-нің 1070-бабының 2-бөліміне сәйкес, мұра қалдырушымен арадағы неке іс жүзінде тоқтатылғаны белгілі болды. Себебі, ерлі-зайыптылар мұрагерлік ашылғанға дейін 5 жыл ішінде бөлек өмір сүрген.

Сонымен, жоғарыда талдау жүргізілген сот тәжірибесінен шағатын қорытынды мұрагерлік қатынастардан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарау кезінде соттармен материалдық және іс құқық нормаларын бұзушылықтар жиі кездесетіні белгілі болды, олар:

- көп жағдайда соттар нотариустардағы мұрагерлік істерді алдыртып қарамайды немесе мұрагерлікті қабылдау туралы иә қабылдаудан бас тарту туралы арызбен жолданған тұлғалар туралы мәліметтерді нотариустардан сұрату жасатпайды;

- мұрагерлік құқықты қабылдау мерзімін өткізіп алудың дәлелді себептері сот отырысында дәлелдемелермен расталмайды;

- соттар мұрагерлердің сотқа жолдану мерзіміне тиісінше назар аудармайды және оған баға бермейтіні белгілі болды;

- мұра қалдырушының мүліктерін іс жүзінде басқару фактілерін куәландыратын құжаттар сотқа табысталмайды, сотпен зерттелмейді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. 1 шілде 1999 жыл (Ерекше бөлім) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_

2 «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S_

3 Обобщение судебной практики по рассмотрению гражданских дел связанных с наследованием судами Карагандинской области за 2012-2013 г.г. // <https://pandia.ru/text/80/104/51168-12.php>

4 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

5 «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2002 жылғы 28 маусымдағы N 13 қаулысы. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000013S_